

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: “Таптым-ау сені”)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

КӨРКЕМ МӘТІН ТІЛІ ПРАГМАТИКАСЫН ЖЕТКІЗУДЕ ТІРКЕСТІ БІРЛІКТЕРДІҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейткенов Камал Бейбітұлы

kamal.seytkenov@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Аударма ісі» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.М.

Қазіргі таңда көркем аударманың рөлі және маңызы жылдар өткен сайын артып келеді. Отандық аударматану бұл бағытта едәуір алға жылжығанын шетелдік танымал классиктердің шығармалары қазақ тіліне аударылып жарық көргенінен байқай аламыз. Бұл жайт отандық аударматану әрі мәтінтану ғылымдарының дамуына орасан зор үлес қосты. Көркем аударма – өте күрделі үдеріс, аударманың бұл түрі аудармашыдан үлкен төзімділікті, табандылықты, байқампаздықты, еңбекқорлықты және шығармашыл тұлғаның ой-санасын талап етеді. Өйткені ол қатаң стандартқа бағынатын ресми және ғылыми стиль мәтіндерінен гөрі әлдеқайда өзгеше келеді. Көркем шығарма, ең алдымен, автордың шығармашылық өнімі, сондықтан аудармашы бірінші кезекте сол автордың стиліне үйренуі керек. Көркем мәтін коммуникативті аспектіге ие және оның өзіндік прагматикалық әлеуеті бар. Аударма кезінде осы прагматиканы жеткізу аудармашының басты мақсаттарының бірі болуға тиіс. Бұл мақалада біз көркем аударманың коммуникативті аспектісін және аударма прагматикасын егжей-тегжейлі талдайтын боламыз.

Қазіргі қоғамда көркем әдебиеттің атқаратын орасан зор рөліне байланысты көркем мәтінді зерттеу және сипаттау мәселесі басты назарға алынды. Соңғы уақытта көркем әдебиет мәтіндерінің коммуникативтік мәселелеріне арналған лингвистикалық зерттеулер саны артып келеді. Көркем мәтінді зерттеудің коммуникативтік тәсілі дәстүрлі мәтіндік жіктелімдердің жеткіліксіздігін еңсеру әрекеттерінің нәтижесінде пайда болып, ілгері қарай дамыды. Бұл жіктелімдер тек құрылымдық белгілерге (мысалы, лексикалық элементтерді таңдау, синтаксистік құрылымдардың қайталануы және т.б.) негізделген. Алайда мұндай критерийдің кемшілігін П. Верт [1] және Р. Фаулер [2] анықтап берді, олар лингвистикалық структурализм тұрғысынан көркем мәтінді сипаттау мен түсіндірудің шектеулі екенін атап көрсетеді. Дж. Каллер көркем мәтінді талдау әдісі ретінде лингвистикалық сипаттаудың жеткіліксіз екенін баса көрсетіп, көркем коммуникация тілдің формалды құрылымдарына қосымша білімді қолдануды қамтиды деп пайымдайды [3].

Мақаланың мақсаты – көркем аудармадағы автордың стилі мен негізгі ойларын қамтитын түпнұсқа прагматикасын жеткізу мәселесін толыққанды зерттеу және жүзеге асырылған аударма прагматикасының ерекшеліктеріне талдау жасау.

Зерттеуіміздің эмпирикалық материалы ретінде Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романының түпнұсқасы мен қазақ тіліндегі аудармасы пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы барысында салыстырмалы-салғастырмалы және прагмалингвистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» романы – 1837-1839 жылдары жазылған көркем туынды. Шығарма қазақ тіліне 2004 жылы аударылған, аудармашысы – З. Әбдешев. Бұл шығармада басты кейіпкер Оливер Твист нәресте кезінде анасынан айырылып тағдырдың тәлкегіне ілігеді. Ол шіркеуге қарасты приход үйінде дүниеге келіп, өмірдің талай сынақтарынан өтеді. Романда Оливердің Лондон қаласындағы қылмыстық әлеммен бетпе-бет келуі, қиындықтарды жеңіп, ақырында бақытты өмірге қол жеткізуі баяндалады. Шығармадағы әсерлі көріністер мен шытырман оқиғалар юмормен астасып, оқырманның қызығушылығын арттырады.

Көркем мәтін прагматикасында сөйлеу актілері теориясының ең жалпы ережелері негізге алынады. Осыған байланысты көркем мәтін белгілі бір жағдайда жүзеге асырылатын және қатысушылар тарапынан көркемдік ретінде қабылданатын ерекше әрекет түрі ретінде сипатталады. Айта кету керек, прагматикада «мәтін» ұғымы басқа тұрғыда түсіндіріледі. Көркем мәтіннің прагматикалық аспектісі мәтінді тілдік қызметтің нәтижесі ретінде ғана емес, ең алдымен белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған күрделі акт ретінде зерттеуді көздейді [4, 31 б.].

Көркем мәтінді прагматикалық тұрғыдан талдау оның табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Прагматика, әсіресе, әдебиетті автор мен оқырманның коммуникативтік әрекеті ретінде қарастыруға көмектеседі. Бұл тәсіл мәтіннің әртүрлі деңгейлеріндегі көптеген қасиеттерін түсіндіруде аса маңызды, себебі олар прагматикалық интерпретацияны қажет етеді. Прагматика автор қолданған тілдік құралдар жөнінде ақпарат береді, сондай-ақ жазылған хабарды дұрыс түсінуге ықпал етеді. Сондықтан көркем мәтіннің қызметін қазіргі кезде прагматикалық негізін ескермей түсіну мүмкін емес [4, 32 б.].

Кез келген ақпарат көзі (сөйлеуші және автор) мен қабылдаушы рецептор (тыңдаушы немесе оқырман) арасында белгілі бір коммуникациялық процесс жүреді, онда негізгі көзден рецепторға түрлі мағлұматтар беріледі. Ақпараттың рецептор үшін түсінікті болуы аса маңызды. Рецептор мәтінмен өзіне тән қарым-қатынас жасайды: маңызды деп санағанын тыңдап, қабылдайды, ал қажетсіз деп тапқан мәліметтерге назар аудармайды. Кейде ол айтылған нәрсенің мәніне мүлдем көңіл бөлмеуі мүмкін. Аударма теориясында мәтінге осындай жеке көзқарасты прагматикалық қатынас деп атайды [5, 79 б.].

Ақпарат алушының прагматикалық әсерді жүзеге асыруы кез келген коммуникацияның, соның ішінде тілаларлық қатынастың маңызды бөлігі болып табылады. Аударма рецепторының ақпарат жеткізушімен қажетті прагматикалық байланыс орнатуы аудармашының мәтінді жасау кезінде қолданатын тілдік құралдарын таңдауға тікелей байланысты. Аударма үдерісінің барысы мен нәтижесіне әсер ету түпнұсқаның прагматикалық мағынасын дұрыс жеткізуді талап етеді. Аударма рецепторына қажетті әсер етуді көздеу прагматикалық аспект немесе аударма прагматикасы деп аталады [5, 81 б.].

Түпнұсқа мен аударманың прагматикасы арасындағы қатынас әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өту керек, және аударманың прагматикалық сәйкестігі міндетті түрде түпнұсқа мәтіннің прагматикасын сақтауды мақсат етпейді. Неміс аударматанушысы А. Нойберт аудармадағы прагматикалық қатынастардың төрт түрін ажыратуды ұсынды, олар прагматикалық тұрғыдан ең жоғары аударылу мүмкіндігінен бастап түпнұсқа прагматикасын аудармада жеткізудің іс жүзінде мүмкін еместігіне дейін бөлінеді [6, 136 б.]. Бұл қатынастарды нақты ашып айтатын болсақ, олар:

1. Сыртқы саяси-идеологиялық мәтіндер: Бұл мәтіндер шетелдік оқырмандарға бағытталған және белгілі бір әсер ету мақсатында жазылады. Аудармада прагматикалық аспектілерді сақтау маңызды.
2. Көркем әдебиет шығармалары: Мұндай мәтіндер бастапқыда түпнұсқа тілінің оқырмандарына арналғанымен, басқа тілдерге аударылғанда, олардың прагматикалық ерекшеліктерін ескеру қажет.
3. Тек түпнұсқа тілінің оқырмандарына қызықты мәтіндер: Мысалы, жергілікті газеттердің материалдары. Мұндай мәтіндер шектеулі көлемде аударылады, сондықтан олардың прагматикалық аспектілері аудармада ескерілмеуі мүмкін.
4. Аударуға келмейтін мәтіндер: Бұл мәтіндердің прагматикалық ерекшеліктерін аудармада толықтай жеткізу мүмкін емес [7, 197-198 б.].

Бізге керегі – көркем әдебиет шығармалары, ал оларға келгенде А. Нойберт прагматикалық аспектілерді сақтаудың маңыздылығын көрсетіп отыр. Яғни көркем шығарма аудармасында прагматикалық бейімделу міндетті түрде жүзеге асуы тиіс. Бұл тарапты Комиссаров та қолдайды, ол «Аударма түпнұсқаның толыққанды алмастырушысы ретінде қарастырылады, және мұндай алмастырудың негізділігі эквиваленттіліктің белгілі бір деңгейінде жүзеге асады. Бұл ретте аудармашы өзінің жеке көзқарасына емес, түпнұсқа хабарламасының прагматикалық әлеуетіне сүйенуге тырысады. Кейбір жағдайларда түпнұсқа мазмұнын эквивалентті түрде жеткізу аудармада оның прагматикалық әлеуетін де қамтамасыз етеді. Алайда, аударма қабылдаушысының басқа тілдік қауымдастыққа, өзге мәдениетке жатуы көбінесе эквивалентті аударманың прагматикалық тұрғыдан сәйкес келмеуіне әкеледі. Мұндай жағдайда аудармашы өз мәтініне қажетті өзгерістер енгізу арқылы аударманы прагматикалық бейімдеуге жүгінеді [6, 137 б.]» деп пайымдайды.

Ендігі кезекте біз Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романның ұлттық тілімізге аударылуында түпнұсқаның көркемдік және эмоционалдық ерекшеліктеріне сәйкес қандай прагматикалық өзгерістер мен прагматикалық бейімделулер жүзеге асырылғанын қарап зерттейік. Негізінен бұл үдерісті біз тіркесті бірліктердің аударылу жолдарын қарастыру арқылы зерттедік. Нәтижесінде олардың мынадай түрлерін анықтадық: 1) ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қазақ тіліне көркем тілмен берілген еркін тіркестермен аударылуы; 2) ағылшын тіліндегі еркін тіркестердің қазақ тіліне тұрақты тіркестер болып аударылуы; 3) ағылшын тіліндегі еркін тіркестердің қазақ тіліне дәл сондай еркін тіркестермен аударылуы. Аталған аударма жолдарының түпнұсқа прагматикасын жеткізудегі тиімділігіне өзіміздің зерттеу материалымызды талдау арқылы көз жеткізетін боламыз.

1. Түпнұсқадағы фразеологизмдердің еркін тіркес ретінде берілуі

Бұл жоғарыда аталған тіркесті бірліктердің аудару жолдарының біріншісі. Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» романында кездескен тұрақты тіркестердің көбісінің қазақ тілінде баламасы жоқ. Сондықтан аудармашы еркін тіркестердің көмегіне жүгінген. Бірақ прагматиканы сақтау үшін оларды барынша көркем етіп берген.

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
‘Besides,’ said the Jew, recovering his self-possession, ‘he has us now if he could only give us leg-bail again; and he must be in the same boat with us. ’ [8, 175 б.].	Оның үстіне, – деп ойын өрбітті еврей, әлгі тосылған кейпінен күрт серпіліп, – егер бұл қашып кетсе, бізді ұстап береді, сондықтан да біздің тағдырымызды бөлісуге тиіс. [8, 175 б.].
‘He’s as willing as a Christian, strike me blind if he isn’t!’ said Sikes, regarding the animal with a kind of grim and ferocious approval. [8, 136 б.].	– Кез келген діндардан гөрі ит мұны бұрынырақ ұстайды, олай болмаса, көзім шықсын!.. – деді Сайкс ашулы үнмен итке түнере қарап. [8, 136 б.].
Above stairs, the remainder of the evening passed cheerfully away; for the doctor was in high spirits; [8, 303 б.].	Кештің соңы өте көңілді өтіп жатты; дәрігер аса жайдары еді, [8, 303 б.].
...as Mr. Bumble threw in a gentle hint , that if he failed in either particular, there was no telling what would be done to him. [8, 26 б.].	...егер айтқанын істемесе, арғы тағдырының не боларын мистер Бамбл жұқалап ескертіп те үлгерген. [8, 26 б.].
‘It’s not a likeness of anybody that you or I know, I expect. It seems to strike your fancy, dear. ’ [8, 100 б.].	– Бұл суретте бейнеленген ханымды екеуіміз де танымаймыз ғой деймін. Өзі саған ұнайды ғой деймін, ә? [8, 100 б.].
Rose had been in high spirits , too, and they had walked on, in merry conversation, until they had far exceeded their ordinary bounds. [8, 287 б.].	Роздың да көңілі көтеріңкі еді, жарасымды әңгіме-дүкенмен әрі қарай жүре бергенде күндегі серуен орнынан біршама ұзап кеткен. [8, 287 б.].
‘ He seems in high spirits and happy,’ she said, at length. [8, 318 б.].	– Көңілі көтеріңкі, өзі бақытты сияқты, – деді қыз ақырын ғана. [8, 318 б.].
The bargain was made. [8, 25 б.].	Сауда сақалы сипалды. [8, 25 б.].
‘I beg your pardon, sir,’ said Oliver at length: seeing that no other visitor made his appearance; ‘did you knock?’ [8, 40 б.].	– Ғафу етіңіз, сэр, – деді Оливер өзге ешкімнің жоқтығына көзі жеткен соң, – есік қаққан сіз бе? [8, 40 б.].

Бірінші кестеге мұқият назар аударсақ ондағы ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестердің қазақ тіліне аударылғанда көбінесе нөлдік эквивалентпен берілген, немесе тіркестің жартысына фразеологизм табылған (мысалы, **олай болмаса, көзім шықсын!..**), ал қалған жартысын аудармашы еркін тіркеспен берген. Кейбір кезде аудармада фразеологизм қолданылғанымен, ол түпнұсқаға абсолюттік балама ретінде берілмеген, ол мәнмәтінге негізделіп берілген. Тек біреуіне ғана абсолюттік балама берілген – «**Сауда**

сақалы сипалды» деген тұрақты тіркес арқылы жасалған аударма. Жалпы бұл жағдаятты ағылшын тілінің фразеологиялық тіркестерінің қазақ тілінде абсолюттік баламасының көбінесе жоқ болуымен түсіндіруге болады. Түпнұсқа прагматикасын сақтау үшін аудармашы көбінесе мәнмәтінге сәйкес қарапайым еркін тіркестердің көмегімен аударма жасаған.

2. Түпнұсқадағы еркін тіркестердің фразеологизм ретінде берілуі

Бұл тіркесті бірліктерді аударудың екінші түрі. Түпнұсқадағы еркін тіркестердің қазақ тіліне тұрақты тіркестер болып берілуі өте ерекше құбылыс. Өйткені бұл жерде қазақ тілді оқырмандардың қалауына сай шешім қабылдау керек болған. Яғни аудармашы доместикация стратегиясын пайдаланған.

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
<p>This was said in jest; but if the speaker could have seen the evil leer with which the Jew bit his pale lip as he turned round to the cupboard, he might have thought the caution not wholly unnecessary, or the wish (at all events) to improve upon the distiller's ingenuity not very far from the old gentleman's merry heart. [8, 108-109 бб.]</p>	<p>Бұл әзіл есебінде айтыла салған еді, бірақ еврейдің көзін ызалана сығырайтып, қан-сөлсіз ерінін жымқыра буфетке беттегенін байқап қалғанда, сақтанғанның артық болмайтындығын, қалай болғанда да, көңілді қарт джентльменге шарап құрамын өзгерту пиғылының жат еместігіне айқын көзі жетер еді. [8, 108-109 бб.]</p>
<p>Having uttered those words in a most lamentable and heart-broken tone: to the immeasurable delight of her hearers: Miss Nancy paused, winked to the company, nodded smilingly round, and disappeared. [8, 111 б.]</p>	<p>Тындаушыларын айран-асыр қалдырып, төбе құйқаны шымырлатқан, жалынышты дауыспен осы сөздерді айтып шыққан соң мисс Нэнси үнсіз қалды да, бүкіл компанияға көзін қысып, жымия күліп, басын изеді де үйден шыға жөнелді. [8, 111 б.]</p>
<p>...perhaps it might prevent your getting well, you know,' rejoined the old lady. [8, 115 б.].</p>	<p>Мүмкін, тіпті сенің сауығып кетуіңе де кесірін тигізіп жүрер, – деді қартаң леди. [8, 115 б.].</p>
<p>'There's nowhere else to go to now, for the people at the Cripples are all in custody, and the bar of the ken—I went up there and see it with my own eyes—is filled with traps.' [8, 455 б.]</p>	<p>– Енді біздің барар жеріміз, басар тауымыз жоқ, өйткені «Мүгедектегінің» бәрін ұстады, ал буфетте – мен өтіп бара жатып өз көзіммен көрдім – тыңшылар толып жүр. [8, 455 б.]</p>
<p>'But I didn't blab it; did I, Fagin?' demanded Tom, pouring question upon question with great volubility. 'No, no, to be sure,' replied the Jew...' [8, 219 б.]</p>	<p>– Бірақ мен тіс жарғам жоқ. Рас па, Феджин? – деді Том сұрағын үсті-үстіне бастырмалатып. – Жоқ, жоқ, әлбетте тіс жарған жоқсың, – деді еврей... [8, 219 б.]</p>

– The boy must take his chance with the rest , interrupted Nancy, hastily; – and I say again, I hope he is dead, and out of harm's way, and out of yours, — that is, if Bill comes to no harm . [8, 230 б.].	– Балаға да басқалар сияқты басын қатерге тігуге тура келді , – деп сөзін бөліп жіберді Нэнси. – Айтып тұрмын ғой, ол өліп, барша азаптан да, сіздерден де құтылған болар деп үміттенем, тек Биллді қырсық шала көрмесін . [8, 230 б.].
--	---

Екінші кестеде жағдай керісінше сипатқа көбірек ұқсайды, мұнда түпнұсқадағы еркін тіркестер қазақ тіліне фразеологиялық тіркестер болып аударылған. Негізінен бұл феноменді қазақ тілді оқырмандардың көбінесе көркемдік стилі басым мәтіндерді оқығанды көбірек ұнатуымен түсіндіруге болады. Яғни түпнұсқадағы сөйлемдер әсем тілмен жазылған еркін тіркестер болса да, қазақ тілінде оларды фразеологизмдермен беруге әбден болады. Өйткені олар түпнұсқаның мазмұнына ешқандай да нұқсан келтірмейді, керісінше олар автордың негізгі ойларын толық жеткізуге септігін тигізеді. Сондықтан да бұл жерде аудармашы тарапынан дұрыс шешім қабылданған деп сенімді түрде айта аламыз.

3. Түпнұсқадағы еркін тіркестердің сол қалпында жеткізілуі

Бұл тіркесті бірліктерді аударудың үшінші түрі. Кей кезде түпнұсқа мәтініндегі еркін тіркестерді қазақ тілінде тұрақты тіркестермен көркемдеп беру тәсілі жүзеге аспай қалады. Себебі мәнмәтінге сәйкес оқиға желісіне және автордың негізгі ойына нұқсан келуі мүмкін. Мұндай жағдайда еркін тіркестерді қазақ тіліне дәл сондай еркін тіркес ретінде аударған дұрыс.

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
...when Mrs. Mann, the good lady of the house, was unexpectedly startled by the apparition of Mr. Bumble, the beadle, striving to undo the wicket of the garden-gate. [8, 11 б.].	Кенет осы мекемені басқаратын құрметті ханым миссис Манн күтпеген жерден бидл мистер Бамбл келіп, баудың есігін ашуға әрекеттеніп жатқанын көріп қалып, қатты абыржыды. [8, 11 б.].
What a novel illustration of the tender laws of England! They let the paupers go to sleep! [8, 17 б.].	Англияның мейірімді заңының тамаша көрінісі! Ол кедейге тіпті ұйықтауға да рұқсат етеді. [8, 17 б.].
As I purpose to show in the sequel whether the white waistcoated gentleman was right or not, I should perhaps mar the interest of this narrative (supposing it to possess any at all), if I ventured to hint just yet, whether the life of Oliver Twist had this violent termination or no. [8, 20 б.]	Ақ кеудешелі джентельменнің көріпкелдігі келе ме, жоқ па, оны айту үшін бұл хикаяның қызығынан айырғым келмейді (мұнда ондай қасиет бар деген сеніммен) және Оливер Твистті сондай қорқынышты ажал күтіп тұрма, жоқ па, оны да меңзеуден аулақпын. [8, 20 б.]
Having witnessed the little dispute between Mr. Gamfield and the donkey, he smiled joyously when that person came up to read the bill, for he saw at once that Mr. Gamfield was exactly the sort of master Oliver Twist wanted. [8, 23 б.].	Мистер Гэмфилд пен есектің арасындағы азкем дүрдараздықты сырттай бақылап тұрған ол қуана жымыды, себебі мистер Гэмфилдтің Оливер Твистке нағыз қажетті қожайын екенін бірден аңғарған еді. [8, 23 б.].

Үшінші кестеде біз түпнұсқа мәтініндегі еркін тіркестердің қазақ тіліне дәл сондай еркін тіркестермен аударылғанын көре аламыз. Екінші кестемен салыстырғанда бұл еркін тіркестерді фразеологизмдермен алмастырып беру қиындау және ондай шешім тіпті орынсыз да болуы мүмкін. Түпнұсқадағы сөйлемдер негізінен әңгімелеу және сипаттау функциясында қолданылып тұр, сөздері де

қарапайым келген. Сондықтан да мұндай жағдайда аударма прагматикасын сақтау үшін фразеологизмдерді қолданудың қажеті жоқ, еркін тіркестердің өзімен жақсы және сәтті аударма жасап шығаруға болады және аталған аудармашы соны нақты дәлелдеп отыр.

Жалпы осы мақала аясында 19 мысал талданып, зерттелді. Оның ішінде түпнұсқа мәтіндегі фразеологизмдердің еркін тіркес ретінде берілу жолымен аударылған мысалдар саны 9. Бұл пайыздық көрсеткіште 47%-ды құрайды. Ал тіркесті бірліктерді аударудың екінші тәсіліне келетін болсақ, оған қатысты мысалдар саны 6, пайыздық көрсеткішпен бұл 32%-ды құрап отыр. Тіркесті бірліктерді аударудың үшінші тәсіліне қатысты мысалдар ең аз көрсеткішке ие, жалпы саны 4, пайыздық көрсеткіші небәрі 21%-ды құрайды. Осы аталған барлық сандық және пайыздық көрсеткіштер төмендегі диаграммада көрсетілген.



Диаграмма 1 – Тіркесті бірліктерді аудару жолдары бойынша сандық және пайыздық көрсеткіштер

Қорытындылай келсек, көркем аударманың өте күрделі жұмыс екеніне жасалған зерттеу жұмысына қарап көзіміз жетіп отыр. Тіркесті бірліктерді аудару әртүрлі жолдармен жүзеге асып отыр. Бұл көркем мәтіннің коммуникативті аспектісімен де тығыз байланысты, себебі автордың негізгі ойларын өзінде біріктіретін көркем мәтіннің прагматикасы оқырманды қызықтырып оның назарын оқиға желісіне аударады. Сондықтан да аудармада тек бір ғана тәсілге сүйену тиімсіз болады. Соны ескере отырып ағылшындық Чарльз Диккенстің аталған шығармасын қазақ тіліне аударған аудармашы әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланған. Ол аударма барысында түпнұсқаның мазмұнын жеткізуде прагматикалық әлеуетке сүйеніп тіркесті бірліктерді барынша көркем және адекватты түрде беруге тырысқан. Шынымен де, өзіміз мысалдардан байқағанымыздай ол үнемі түпнұсқамен байланыс жасап отырады, мәселен фразеологиялық тіркесті абсолюттік баламамен беру мүмкін болмаса да оны еркін тіркестермен көркемдеп берген. Ағылшын тіліндегі еркін тіркестерді де аударған кезде ол әрдайым автордың стилі мен негізгі ойларынан ауытқымай тек қажет кезде ғана түпнұсқадағы еркін тіркесті фразеологизмге алмастырады, ал ондай іс-әрекет қажет емес болған жағдайда қазақ тіліндегі еркін тіркестерді шебер пайдаланып аударманы барынша сәтті етіп берген. Яғни аударма прагматикасын жоғары сапада жеткізу түпнұсқа мәтінінің контекстін, оның грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерін, стильдік тұрғыда аударма тілінен өзгеше тұстарын қатаң ескеруді талап ететін күрделі үдеріс және мұндай аударма кез келген аудармашы үшін қиынға соғады. Бірақ басқаша жолмен мұндай аударманы жүзеге асыру мүмкін емес, тек

аталған барлық ерекшеліктер мен талаптарды ескере отырып жасалған аударма түпнұсқа прагматикасын толыққанды сақтай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Werth P. Roman Jakobson's verbal analysis of poetry. L., N. Y., 1976.
2. Fowler R. Literature as social discourse: The practice of ling, criticism. London, 1981.
3. Culler J. D. Structuralist poetics: Structuralism, linguistics and the study of literature. N. Y., 1975.
4. Гаибова М. Т. Прагмалингвистический анализ художественного текста. – Баку: АГУ, 1986 – 88 с.
5. Тарақов Ә.С. Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері: оқу құралы / Ә.С. Тарақов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 153 бет.
6. В.Н. Комиссаров. Современное переводоведение. Учебное пособие. - М.: ЭТС. — 2002. — 424 с.
7. Нойберт 1978 – Нойберт А. Прагматические аспекты перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике: Сб. статей. М.: Международные отношения, 1978.
8. Диккенс, Чарльз. Оливер Твисттің басынан кешкендері : роман / Чарльз Диккенс ; [ауд. З. Әбдешев]. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2022. – 496 б. – (Шытырман оқиғалар). ISBN 978-601-338-997-4

ӘОЖ 81'25

«ЖАҢБЫР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ТІЛАРАЛЫҚ БЕРІЛУІ (Э. ХЕМИНГУЭЙДІҢ «ҚОШ БОЛ, МАЙДАН!» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Сүндетова А.Н.

aruzhan.sundetova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К., ф.ғ.д., профессор

Кіріспе

Тіл коммуникативтік қызметінен бөлек, адамның ой-санасын бейнелейтін танымдық-мазмұндық құрал ретінде ХХ ғасырда алғаш айқындалып, лингвистиканың жаңа бағыты – когнитивтік (танымдық) лингвистиканың қалыптасуына алып келді.

Когнитивтік лингвистиканың орталық (ядрасы) мәселесі – концепт, концептілер жүйесі. Концепт дегеніміз – ұлттық салт-дәстүрлер мен фольклор, дін мен діл, идеология мен өмірлік тәжірибе, адами құндылықтар жүйесі тәрізді бірқатар факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болатын философиялық ұғым [1;3].

Концептінің атқаратын қызметі көркем мәтін, оның ішінде көркем аударма тілінде ерекше сипатқа ие. Көркем мәтін тілі – жазушының белгілі бір жағдаятты не көркем ойды оқырманға эмоционалды-экспрессивті түрде жеткізудің шығармашылық ең жоғары деңгейі. Ал, көркем аударманың құндылығы сол көркем мәтін тіліндегі түпнұсқалықты мейлінше тілдік-танымдық сипаты жағынан сақтай отырып, екінші тілге (аударма тілі) жеткізуінде жатыр.

Зерттеудің мақсаты - көркем мәтін тіліндегі «жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипатын ашу, оның тіларалық берілу амалдарын сараптау, когнитивті-коммуникативті қызметін айқындау және сол арқылы әртіптес тілдердің тілдік мәдени болмысын қарастыру.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық материалы ретінде Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» («A farewell to Arms») көркем шығармасының түпнұсқа (ағылшын), дәнекер (орыс) және аударма (қазақ) тілдеріндегі нұсқалары алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының мақсат-міндетіне байланысты мақалада негізгі әдіс ретінде когнитивтік-коммуникативтік әдіс, лингвокогнитивтік әдіс алынды. Сонымен қатар, қосымша амал ретінде салыстырмалы, салғастырмалы әдістер пайдаланылды.

Американдық классик жазушы, 1954 жылғы Нобель сыйлығының иегері Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» шығармасы 1929 жылы жарық көрген. Көркем мәтінде соғыс жылдарындағы майдан мен махаббат тақырыбы суреттеліп, кейіпкерлердің соғыс жағдайындағы ішкі жан күйзелісі баяндалады.